

## «Жеңіс сарбаздары»

Жеңістің 75 жылдығына орай @wka.kz парақшасында «Жеңіс сарбаздары» акциясы ұйымдастырылды. Акцияға университет қызметкерлері, оқытушылар мен студенттер белсене қатысты. Назарларыңызға әлеуметтік желіде жарияланған жазбаларды ұсынамыз:



Тұңғыш қазақ кеңес генералы **Шәкір Жексенбайұлы** – «Рухани жаңғыру» орталығының аға оқытушысы, тарих магистрі Г.Ж.Балжанованың атасы. Ш.Жексенбайұлы Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ Бөкей Ордасынан майдан даласына аттанған. Генерал К.К.Рокоссовскийдің жедел әскер тобының химиялық қорғаныс бөлімін басқарып, соғыстың ең қауіпті ошақтарында алдыңғы шепте жүрген. Жігерлі басшы, шебер ұйымдастырушы ретінде ерлігімен көзге түскен Ш.Жексенбайұлы туралы ақын Қадыр Мырза Әли:

Туды қазір азат күн,  
Өтті заман жас тамған.  
Генералы қазақтың  
Өзіңізден басталған, - деп жазған.



«Рухани жаңғыру» орталығы мен ТПП-25 тобының студенті Айдана Бекбосынова: «Менің үлкен атам **Тыныштыбай Нығметұлы Райымқұлов** 1917 жылы 7 қарашада Қаратөбе ауданының Егіндікөл ауылында дүниеге келген. 1939 жылдың соңында әскер қатарына шақырылып, Байкал әскери округінің атқыштар қатарына қабылданған. Ұлы

Отан соғысы жылдары артиллериялық дивизияның 61 мотоатқыштар полкінің командирі әскери қызметін атқарған. Майдан даласында көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен, «За отвагу», «За боевые заслуги» медальдарымен марапатталған. Соғыстан кейін ұстаздық қызмет атқарып, қоғамдық саяси өмірлерге белсене араласты».



Индустриалды-технологиялық институттың СТР-21 тобының студенті Ерасыл Ғабдіқадіров: «Жеңіс жолында от кешіп, ерлік танытқан аталарымызды әркез есте сақтау – парыз. Соғыс жылдары қанша отбасы жақынынан айырылды? Қанша боздақ туған жерден жырақта жүріп, жат жерде жерленді? Міне, солардың ішінде менің атам **Ғабдіқадір Нәжімеденұлы Нәжімеденов** те бар. Ғ.Нәжімеденұлы Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданына қарасты Қызылкөл ауылында дүниеге келген. 1942 жылы соғысқа аттанып, 1944 жылы Харьков түбіндегі қаза тапқан».



АТТ-11 тобының студенті Инкәр Ота-  
рова ардагер атасына жыр шумақтарын  
арнайды. **Отар Жұмағалиев** 1909 жылы  
Қосшы колхозында дүниеге келген.  
1941-1945 жылдары ҰОС-ға қатысып,  
1981 жылы дүниеден озған.

Сыңға түскен майдан атты көлінде,  
Жеңіспен әлі-ақ оралам деп еліне.  
Қуанамын, жар саламын бүгінде  
Мақтанышпен атың сыймай кеудеме.  
Майдан көлдің жетсең де суық  
тереңіне,  
Жан пиданың демедің керегі не?!  
Біздер үшін, батыр атам, бір қайтпай,  
Жетіпсің ғой ерлікпен бір бетіне.

Ақжайық ауданының Ілбішін ауы-  
лында тұратын 94 жастағы Ұлы  
Отан соғысының ардагері **Сұпығали  
Қосмырзаұлы** – Жастар бастамасын  
дамыту орталығының маманы Қайра  
Исимовтың атасы. Сұпығали Исимов  
1944 жылдың қараша айында Кеңес әскері  
қатарына алынып, Чкалов қаласында  
әскери оқу-жаттығудан өтеді. Сержант  
шенімен Жуков басқаратын I Украина  
майданында болған. 1170 атқыштар пол-  
кінде пулеметші, бөлімше командирі бо-  
лып, жауға қарсы жан аянбай соғысқан.  
1945 жылдың 4 сәуірінде шекара асып,  
Берлинді алу операциясына қатысқан.  
Соғыс аяқталған соң Эстониядағы құпия  
атом зауытында іс жүргізуші, хатшы  
болып, 3278 әскери бөлімшесінде 1949  
жылдан 1950 жылдың желтоқсан айы-  
на дейін командир қызметін абыроймен  
атқарған. Жары Менсара екеуі 5 ұл 1 қыз  
тәрбиелеген. 19 немере-жиен, 30 шөбере  
сүйген. Майдандағы ерлігі үшін «Ұлы  
Отан соғысының 2-дәрежелі» ордені-  
мен, «За взятие Берлина», «Над победой  
Германией в ВОВ», 30 лет Советской



Армии и ВМФ», «60 лет Советской Армии ИВМФ», «20 лет Победой ВОВ», «30 лет Победой ВОВ», «40 лет Победой ВОВ» және тағы да басқа меделдармен марапатталған.



Политехникалық институттың АТТ-11 тобының студенті Мадина Васильевна: «Мен – Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан **Ғафу Ғабдуллиннің** шөбересімін. Атамды көрмесем де, анамнан естігенім бойынша Ғафу атам 1939 жылы Фин соғысына, кейін Ұлы Отан соғысына қатысып, 1947 жылы елге оралған. Соғыстан соң ауыл экономикасын көтеруге үлес қосып, түйе бақташысы болған. Атырау өңірі бойынша «Еңбек Қызыл Ту» орденінің тұңғыш иегері.

Екінші атам – **Қабдол Сисенғалиев.**

Қабол атам 1942 жылы соғысқа аттанып, 1944 жылы елге жараланып оралады. Кейін еңбекке араласып, ауыл белсендісі болған. Жылқышы, ферма басқарушысы, звеновой болып қызмет еткен. Екі атам да зейнет жасына жетіп өмірден озған. Ауылдағы ескерткіш тақтада аталарымың есімі жазылған. Біздің бейбіт заманда өмірге келіп, бұл күнге жетуіміз – аталарымыздың ерен еңбегі, ерлігі. Өмір ағынымен тарих көші жаңаруда, алайда Ұлы Отан соғысы салған жара, отты күндер – ұмытылмайтын тарихи оқиғалар!»



«Рухани жаңғыру» орталығы мен ТПП-25 тобының студенті Жанна Серікқалиева «Атам **Ахмет Айғалиев** 1916 жылы 1 қаңтарда БҚО, Ақжайық ауданында дүниеге келген. 1941 жылы майданға аттанып, Сталинград түбіндегі шайқасқа қатысқан. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін атама бірнеше медальдар табысталған. Мысалы, Жуков медалі, Еңбек ардагері, 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысының ардагері, Жеңіске 30 жыл медальдарымен марапатталды. Соғыстан елге оралған соң мұсылманша сауат ашуды үйреткен. Мен атамды мақтан тұтамын!

